



# ӘЛ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-САЯСАТТАНУЛЫҚ  
ЖӘНЕ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

# ӘЛ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФСКО-ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ  
И ДУХОВНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

ҚР ҒҒМ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ,  
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ  
ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ

Мерзімді баспасөз басылым-  
дарын және (немесе) ақпарат  
агенттіктерін есепке алу туралы  
күәлік № 13403-Ж 22.02.2013 ж.

Журнал ҚР ҒҒМ Білім және  
ғылым саласындағы бақылау  
комитетінің философия және сая-  
си ғылымдары бойынша негізгі  
ғылыми нәтижелерін жариялай-  
тын ғылыми басылымдар тізіміне  
енгізілген. (Комитет бұйрығы  
05.07.2013 ж. №1033; Комитет  
бұйрығы 20.08.2013 ж. № 1201).

2003 ж. шығарыла бастады  
Жазылу көрсеткіші – 74671

№ 1 (45) 2014 ж.

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Выдающиеся личности. Творчество. Воспоминания. Встречи

*К 115-летию академика Сатпаева*

*Муканова Г.*  
Каныш и Смагул: пересечения судеб.....3

*К 90-летию Э.В. Ильенкова*

*Bill Bowring*  
What if Ilyenkov had Known Marx's Transcription of Spinoza?...13

Философия: от истоков до постмодерна

*Соловьева Г.*  
Мы, люди, корабли под парусами.  
О поучениях Джалаладина Руми.....32

Аль-Фараби: переводы и исследования

*Аль-Фараби*  
О доказательстве.....45

Тюркский мир

*Нұрмұратов С., Бижанова М.*  
Түркі ойшылдарының құндылықтар әлемі.....55

*Қонырбаева К.*  
Түркілік ой-толғаулардағы ислам құндылықтары.....64

*Мейрманов А.*  
Мифологиялық мазмұн мен символдық  
мәннің танымдық қызметі.....70

*Zaurbekova L., Koyanbayeva G., Amangaliyeva G.*  
Universal Values of Kazakhs: Experience of the Nomadic Culture.....77

*Сатершинов Б., Сабырқызы Ж.*  
Қазақстандағы қазіргі діни ахуал және Шәкәрім  
Құдайбердіұлы мұрасының өзектілігі.....86

*Насырова М.*  
Нравственные ценности и патриотические мотивы  
в литературном наследии Махтумкули Фраги.....97

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Құрманғазы көшесі, 29,  
ҚР ҒҒМ Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану  
институты

Тел.: +7 (727) 272-59-10, 261-02-73, факс: +7 (727) 261-02-83.

E-mail: iph@iph.kz



# ӘЛ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-САЯСАТТАНУЛЫҚ  
ЖӘНЕ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

ӘЛ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФСКО-ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЙ  
И ДУХОВНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ,  
ПОЛИТОЛОГИИ  
И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ  
КОМИТЕТА НАУКИ  
МОН РК

Свидетельство о постановке  
на учет периодического  
издания и (или)  
информационного агентства  
№13403-Ж от 22.02.2013 г.

Журнал включен в перечень  
научных изданий, рекомендуемых  
Комитетом по контролю в сфере  
образования и науки МОН РК для  
публикации основных результатов  
научной деятельности по философ-  
ским и политическим наукам  
(приказ Комитета от 05.07.2013 г.  
№ 1033; приказ Комитета от  
20.08.2013 г. № 1201).

Издается с 2003 г.

Подписной индекс – 74671

№ 1 (45) 2014 г.

## Полития

*Ешпанова Д.*  
Становление социального государства в Казахстане.....105

*Archana Upadhyay*  
Political Order in a Plural Society: The Indian Experience.....115

## Философия. Религия. Культура

*Иващук О.*  
О роли равноипостасной троицы в формировании науки.....122

*Косиченко А.*  
Возможности позитивного воздействия  
традиционных религий на современную  
мировую политику.....132

*Масалимова А., Досхожина Ж.*  
Эмпатия в межкультурной коммуникации.....144

*Мир-Багирзаде Ф.*  
Символ и его значения в культурах Востока и Запада.....152

*Жаңабаева Д.*  
Дәстүр мен жаңашылдық арақатынасын мәдени-  
философиялық талдау.....159

*Қаратышқанова К.*  
Ислам философиясындағы білімнің рөлі және суфилік  
танымның рационалды негізделуі.....168

## Научная жизнь

Обсуждаем Послание Президента РК.....176

## Юбилейные даты

Гордость и оплот института.....185

## Философская лирика Востока

Из туркменской поэзии.....186

Наши авторы.....189

Адрес редакции: 050010, город Алматы, ул. Курмангазы, 29.

Институт философии, политологии и религиоведения  
Комитета науки МОН РК

Тел.: +7 (727) 272-59-10, 261-02-73, факс: +7 (727) 261-02-83.

E-mail: iph@iph.kz

**Серік Нұрмұратов, Меруерт Бижанова – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Философия, саясаттану және дінтану институты (Алматы)**

## ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ

*Аннотация.* Ғылыми мақалада Алтын Орда дәуіріндегі түркі ойшылдары дүниетанымының аксиологиялық қырлары тарихи-философиялық талдаудан өткізілді. Құтып, Сайф Сараи, Кәтиб, Рабғузи және т. б. ортағасырлық түркі ойшыларының құндылықтық әлемінің жалпы концептуалды ерекшеліктері анықталды. Түркі философиясының ерекшелігін танытатын тарихи дәстүршілдік, діни синкретизм, этникалық рәмізділік, этикалық бағыттылық, рухани сабақтастық, бейбітшілік сүйгіштік және т. б. маңызды жақтары екенін атап өтуге болады. Жалпы түркі ойшылдарының этикалық-аксиологиялық жүйелері кемелденген адам, әлем картинасы және құндылықтардың рухани-адамгершілік мұраттары туралы философиялық түсініктерінен туындайды.

*Түйін сөздер:* адам, аксиология, әлем, дәстүршілдік, дүниетаным, мәдениет, құндылықтар, дәуір, мұрат, рәміз, этика, этнос, рухани сабақтастық.

Қазақ халқының бүгінгі мәдениеті мен дүниетанымын тереңінен әрі жан-жақты түсіну үшін оның қайнарларын халқымыздың архетиптік санасындағы іздерінен іздеу қажет, арғықазақ мифологиясынан бастап, оларды ілкі түркілер мен ежелгі қазақтардың дәстүрлі мәдениетінен табу керек. Қазақ халқының дүниетанымы және дәстүрлі мәдениетінің рухани тамырлары мен бастау көздері ежелгі сақ, ғұн және ортағасырлық түркі мәдениетінде екенін отандық зерттеушілер бүгінгі күні дәлелдеп, түйіндей түсуде. Әсіресе, ортағасырларда барлық түркі халықтарының бірігіп, бір суперэтносқа ұйысқан кезеңнің орны бөлек. Елбасы түркі қағанатына 1450 жыл толуы қарсаңында жазылған «Тарих толқынында» еңбегінде былай деп жазды: «Біздің бәріміздің де мақтаныш етуімізге тұрарлық мол мұрамыз бар. Өйткені ата-бабаларымыз адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен, Еуразия құрылығындағы халықтардың тағдырына орасан зор күшті әсер еткен» [1, 94 б.].

Өткен тарихымызға құрметпен қарап, оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негіздерін айқындауға деген, ұрпақтар арасындағы мәдени-тарихи сабақтастықты жаңғыртуға деген ұмтылыс еліміздің тәуелсіздік алуы барысында мүмкін болып отыр. Ол қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамның қажеттілігінен туындап, өркениетті мемлекет құру міндетімен байланыстырылады.

Бүгінде түркі философиясы – бұл әлемдік философиялық ақыл-ойдың жарқын феномені. Шығыс философиясының ажырамас бөлігіне ене отырып, түркі философиясы әлемдік рухани мәдениеттің тарихындағы дамудың жалпы және жекелеген көрінісі болып табылады. «Түркі философиясының бірегейлігі дәстүр мен ашықтықтың жаңашылдығымен, әлемді көшпелі және отырықшылық тәжірибе арқылы игерумен, сакралдық, профандық және архитектуроналықпен, органикалық үйлесіммен түсіндіріледі, ол төзімділікпен, бостандық сүйгіштікпен, сөзге тұрақтылықпен және болашаққа сеніммен сипатталады» деп атап өтеді Т.Х. Ғабитов [2, 133 б.].

Түркі мәдениетінің кеңістігі туралы сөз болғанда, онда оның аясында қазіргі кезде Орталық және Алдыңғы Азияның ауқымды аумағын мекен ететін отыздан астам этностың өкілдерін қамтитын түркітілдес халықтардың мәдениеті түсіндіріледі. Ежелгі уақыттарда түркі халықтары Қара және Каспий теңізінен Байкал көлі мен Хинган тауларына дейін, Қара теңіз жағалауы мен Қазақстанның географиясына жатқызылатын далаларға, Орта Азияның құмды шөлдеріне және Әмудария мен Сырдария өзенаралығы жазирасына, Алтай мен Оңтүстік Сібірге, Тянь-Шань мен Памирдің таулы алаптарына дейін созылып жатқан кең байтақ кеңістікте қоныс тепті. Бай табиғат жағдайларының алуантүрлілігі ежелгі түркілердің бай мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті.

Өзінің негіздемелері мен бастауларында түркі философиясы негізінен табиғат философиясы мен өмір философиясы. «Бұл – шығыс дүниетанымының көптүстілігіндегі ерекше, қайталанбас түстер жиынтығы. Түркі фәлсафасын қарастыра отырып, біз оның тікелей бастаулары мен құрамдас бөліктері ретіндегі қытай философиясы туралы, буддизм философиясы туралы, зороастрашыл философия туралы есте сақтауымыз керек», – деп жазады Н.Г. Аюпов пен Ә.Н. Нысанбаев [3, 10 б.].

Түркі әлемінде ерте ортағасырлық дәуірді моңғол шапқыншылығы айқындайды. Бастапқыда ислам діні шапқыншылық нәтижесінде құлдырауға келгенімен, Алтын Орда билеушілері Берке ханның, кейін Өзбек ханның мұсылман дінін қолдауы барысында XIII–XV ғасырларда ғылым, мәдениет және әдебиет дамып, бүкіл әлемге таныла бастады. Әсіресе, XIV ғасырдың бірінші жартысында Алтын Орда мемлекетінің Еділ бойындағы астанасы Сарайшық қаласы мәдени орталықтардың біріне айналды.

Алтын Орда дәуірінде (XIII–XV ғғ.) Қыпшақ даласындағы түркі халықтарының мәдениеті мүлдем жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Сол дәуірде жазылған туындылар арасында «Кодекс Куманикус» сияқты авторы беймәлім ескерткіштерді, сондай-ақ Хорезмидің «Мұхаббатнаме», Құтыптың «Хұсрау-Шырын», Сәйф Сарайидың «Гүлистан би-т-түрки», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха», Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия» атты шығармаларын және т. б. көптеген туындыларды ерекше атап көрсетуге болады. Бұл ғұламалардың дүниетанымын, философиялық жүйелерін тереңдей зерттеу мәселесі әлі де күн тәртібінде тұр. Жалпы тарихи сабақтастың құрамдас бөлігі болып та-

---

былатын Алтын Орда дәуірінің өзіндік әлем туралы түсініктері болғанына күмән туғызуға болмайды және осы факторға жеткілікті деңгейде назар аудармай келесі ғасырларда дүниеге бой көрсеткен атақты түркі ғұламаларының шығармашылығының түпнегіздерін пайымдау қиын.

Алтын Орда халқы этникалық құрамы жағынан әр түрлі еді. Соған қарамастан Алтын Орданың мемлекеттік тілі – қыпшақ тілі болды. Әйтсе де «қыпшақ тілі» дегенде мына жайтты ескерген жөн. Ұлан-ғайыр өлкелерді өз ішіне қамтып әрі іштей ұсақ-түйек ұлыстарға, тайпаларға, рулық құрылымдарға бөлініп жатқан Алтын Орда сияқты үлкен мемлекетте қыпшақ тілінің түрлі диалектілері бар еді. Алайда мұндай диалектілердің бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ болатын. Дәлірек айтсақ, біріншіден, «XIII ғасырда қалыптасып, мәмлүктік Мысырда мейлінше дами түскен көне түрікмен әдеби тілі; екіншіден, оғыз-қыпшақ әдеби тілі; үшіншіден, Сырдарияның төменгі ағысында қалыптасып, кейінірек мәмлүктер билігіндегі Египетте дами түскен қыпшақ-оғыз әдеби тілі; төртіншіден, Еділдің төменгі ағысы мен Солтүстік Хорезмде өмірге келген оғыз-түрікмен әдеби тілі; бесіншіден, Орта Азияда кең өріс алған «көне өзбек тілі» болғанын ескергеніміз жөн [4, 249 б.].

Дешті Қыпшақта, мәмлүктер билігіндегі Египет пен Сирияда XII–XV ғасырларда жазылған әдеби, діни, ғылыми туындылар қыпшақ тілінің осы аталған диалектілерінің бірінде өмірге келген. Мұндай шығармалар түркі тілдес ру-тайпалардың бәріне де түсінікті болды.

Сонымен, Алтын Орда дәуірі әдебиетінің объектісі осы мемлекет жерінде жазылған көркем туындылармен ғана шектеліп қалмайды. Сондай-ақ бұған XIII–XV ғасырларда Ақ Ордада, Орта Азияда, мәмлүктік Египетте қыпшақ тілінде жазылған көркем шығармалар енеді. Бұл туралы түркология ғылымында күні бүгінге дейін түрлі пікірлер айтылып келеді [4, 250 б.].

Еділ сағасындағы Сарай қаласынан шыққан аса көрнекті ақындардың бірі Құтып еді. Алғаш Құтып Сырдария бойындағы мәдени орталықтардың бірі – Сығанақ қаласында тұрған. Тыныбек Алтын Орда мемлекетінің тағына отырғанда ол Сарай қаласына қоныс аударады. Кейінірек ол мәмлүктік Египетке барып, сонда тұрған.

Құтып ақынды қыпшақтар арасында «Құтбы» немесе «Құтып шайыр» деп атаған. Ақынның өмірі жайлы мәлімет жоққа тән. Құтыптың біздің дәуірімізге дейін сақталып қалған жалғыз шығармасы бар. Ол «Хұсрау-Шырын» дастаны. Бұл шығарма – әзірбайжан халқының кемеңгер ойшылы, ұлы ақыны Ілияс Жүсіпұлы Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасының аудармасы. Оны түпнұсқадан парсы тілінен қыпшақ-оғыз тіліне аударған – Құтып. Әзірбайжан халқының кемеңгер ақыны Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасын Құтып қыпшақ-оғыз тіліне 1341–1342 жылдары аударған.

Дастанда діни-мистикалық әдеби шығармаларға қарсы бағытталған осы өмірдің нақты шындығы бейнеленеді. Ақын адамгершілікке, әділдікке, ынсапты болуға, туған жерді туған анандай жақсы көруге, қара бастың қамынан

гөрі халық мүддесін қашанда жоғары қоя білуге, өнер-білімді игеруге, махаббатқа адал болуға үндейді.

Әділ билеуші және мінсіз (ізгі) қоғам идеясы халықтың утопиялық (құрғақ қиял) хикаяларында және Ибн Сина, әл-Фараби мен басқа да ойшылдардың ғылыми трактаттарында ежелден сөз болып келген болатын. Ол Фирдоусиде, Құл Ғалиде, Низамиде көркем көрініс тапты. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны Құтып үшін тікелей дереккөз болды, сондықтан да екі ақында мінсіз билеуші мен әділетті қоғам тұжырымдамасы үндесіп жатады. Құтып пен Баласағұнның ойларына, халықты дана әрі әділ адам басқаруға тиіс, ол ең алдымен халықтың игілігін ойлап, өз маңындағы адамдарға, ұлықтар мен шенеуніктерге қатаң бақылау жүргізуге және қиянат жасағаны үшін оларды аяусыз жазалауға міндетті. Егер әмірші мұндай болмаса, ол ел қарғысына ұшырайды.

Шырын өз елінің ғана емес, сүйген жігіті Хұсраудың мемлекетінде де әділдіктің пен тыныштық, дәулетті, тұрмыс тіршілік орнатуға барынша күш салады. Құтып осы Шырын бейнесі арқылы мемлекетті қашанда әділ, білімді, инабатты, мейірбанды жандар басқаруы керек деген пікір айтады.

Шырын патша тағына отырған кезде бүкіл елде әділеттілік орнағанын айтады:

*Енді қой мен қасқыр қатар тұрып,  
Бір бұлақтан су іше бастады.*

Бұл арқылы Құтыптың ел билеген әкімдер әділетті болса, бір-біріне қасқыр мен қойдай болып жүрген бай мен кедейлер өзара келісіп кетер деген пікір айтпақ [5, 38]. Құтыптың жалпы білімнің пайдасын, надандықтың зияны туралы айтқан ойлары керемет даналыққа толы еді. Әрбір адамның бақыт жолына білім-ғылыммен жететінін, надандық ақылсыздық пен бостыққа апаратындығын көрсетеді. Ақын білімнің адам санасының ажырамас бөлігі екенін түсіндіруге тырысады.

*Білімді інжуді дариядан іздер,  
Табар топырақты жер үстінен іздегендер [6, 223], –*

деп адам оқыған сайын жақсы нәрселерді іздейтінін көрсеткен.

*Біліктіні білгені үшін сыйлайды, –*

деп білімнің пайдасының айрықша мол екенін түсіндірген Құтып оған ұмытылғанның алды жарық болатынын айтады. Осындай ұлылықпен айтылған ортағасырлық ғұламаның сөздерінде керемет ойлар жатыр.

XIV ғасырда өмір сүрген Сәйф Сараидің шығармашылығында поэзия мен проза қатар болғаны белгілі. Ол Сағдидің «Гүлстанын» парсы тілінен түркі тілінен аударып қана қоймай, әр түрлі хикаяттар арқылы тағылымдық мысалдарды рухани мұра етіп қалдырады. Онымен қоса «Жәдігернама», «Сүһаил мен күлдірсін» атты шығармасы да қазіргі заманға дейін жетіп отырғанын айта аламыз. Бұл шығармалардың әрқайсысында шығыстық нақыш, терең

ділдік ерекшелік айқын байқалады. Әсіресе, әрбір ойшылдың хикаяты адамды руханилыққа қарай бағыттайтын бағдаршам іспетті. Қасиетке ие болған десе де болады. Мәселен, «бейнет көрмеген адамның рақаттың қадірін білмес» деген тұжырым адамды күнделікті өмірдің ауыртпалығын мойымай көтеруге шақырады, өмірдің қиындығы бекер кетпейтіндігіне меңзейді.

Сараи хикаяттарында достықтың қадірін көтеру, әрқашанда жақсылық үшін қызмет етуге дайын болу сияқты ойлар барынша қомақты түрде көрініс береді. Бірақ дегенменде әлемге деген дихотомиялық (қарама-қарсы) тұрғыдан қатынас жасауды, яғни жақтас пен жаудың айырмасын білуді ескертеді. Мәселен, «Дұшпанға рақым етпе, сен қолға түссең, ол саған рақым етпес» деген тұжырымдарының төркіні түркілік тарихи кезеңдегі жаугершілік өмір салтынан хабардар етеді. Ал, енді жақсылық жасауға адамның сараңдығы болмауы керек екендігін төмендегі сөздерден ұғынамыз: «Кімде-кім құдіретті болғанда кісіге жақсылық қылмаса, басына іс түскенде құтыла алмас». Яғни әркімге берілген өмірдегі нақты мүмкіндіктер негізінен жақсылық жасау үшін іргетас болуға тиістілік туралы ұстанымды байқаймыз және оны түркілік моральдің негізі десе де болады.

Лұқман әкім туралы хикаятта керемет терең астарлы мысал келтіріледі. Яғни адам әдепті кімнен үйренуі мүмкін деген сұраққа «данағөй қарттан немесе ақылды жаннан» деп жауап бермейді. Ол керісінше логикалық негіздерге сүйене отырып мен оны әдепсіздерден үйрендім деген жауапты береді. Бұл жауаптың астарында әрбір адамның алдынан кездескен кез-келген жанның өмірде шынайы ұстаз бола алатындай қырлары бар деген терең ойлы даналық жатыр. Яғни жамандықты көріп, біз жамандық істеуден бас тартсақ, жауыздықты көріп, қайырымды бола түссек, онда Сәйф Сараи көксеген рухани биіктерге біздің де көтерілуге тырысқанымыз болып табылады.

Ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді әділдікті, мейірімділікті, ізгілікті, жомарттықты т. б. мадақтайтын қызықты хикаяларға көбірек назар аударғанын байқауға болады. Оның хикаяттарында достықтың қадірін көтеру, әрқашан жақсылық үшін қызмет етуге дайын болу сияқты ойлар молынан байқалады. Ойшылдың бұл ойларын төмендегі шумақ дәлел болады:

*«Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос,  
Жайшылықта доспын деген – жай сөз.*

*Дос – зынданда жатқанда керек,*

*Дастархан үстінде – дұшпан да дос»* [7] – деп дұшпан мен пен достың айырмасын білуді ескертеді. Патшалар туралы тараудың 28-хикаятында айтылған.

Шығармада автор жақсылық пен жамандық, қатыгездік пен мейірімділік, патша мен диқан, шындық пен өтірік, әке мен бала, күйеуі мен әйелі, інісі мен ағасы т. б. аралық қарым-қатынасы, үндестігі қандай болу керек деген сауалға жауап беруге тырысады. Осы қатынастардың барлығында этикалық өлшем жетекші рөл атқарады.

Ортағасырлық ойшыл Рабғузидің Харут пен Марутқа арналған хикаясындағы тәлімдік өнегелі тұжырымдардың маңызы ерекше. Бұл хикаяда адамның рухани әлемінің көлеңкелі беттерінің қыр-сырына ұқыптылықпен назар аудару қажеттілігі айтылады. Кезінде Қожа Ахмет Ясауи мен Жүсіп Баласағұн жырларында атап көрсетілген адамның рухани жетілмегендігін білдіретін нәпсіқұмарлық құбылысы философиялық талдаудан өтеді. Адамның табиғи қасиеттерінің кейде көптеген рухани сүріністерге жетелейтінін Абай да, Шәкәрім де кейінгі тарихта айтқанын еске түсіре аламыз. Бұл даналардың руханият мәселесі бойынша өзара диалогқа түсуі.

Рабғузи хикаяларында адам бейнесіндегі періштенің өзі кейде дұрыс жолдан тайқып кетіп, зинакорлық жолға түсуі мүмкін екендігі баяндалады. Яғни «нәпсі» деген керемет түнек күші өзінің қаһарлы құдіретін адамның күтпеген шағында танытуы мүмкін деген ой білдіреді. Ежелгі Қытай елінің даналарының бірі Лао-цзы «Өзгені жеңген күшті, өзін жеңген құдіретті» деген екен. Шынымен де «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген қазақ үшін де өзінің бойындағы кемшіліктерді көре білу маңызды болуға тиіс. Өйткені, адамның білімділігінің, зерделілігінің, руханилығының ең жоғарғы көрінісі оның өз бойындағы кемшіліктерімен күресуі, нәпсісін жүгендеп, үнемі жасампаздық жолда болуға ұмтылуы болып табылады.

Адамның табиғатын, руханият әлемін түсінудің өзі бір керемет дүние екенін түркі дәуірінің ойшылдары жақсы түсінгенге ұқсайды. Ал адамның бойындағы нәпсіге, яғни табиғи қажеттіліктерге, инстинктік құрылымдарға қарай бейімділік, жақындық белгілі бір қалыптан артып кеткен жағдайда ол өзімшілдіктің тұрпайы кейпіне енеді, өзінің жеке басының мүддесін күйттейтін пендеге айналады. Адам табиғи сұраныстарын, мұқтаждықтарын, мүдделерін қанағаттандыру мақсатын жүзеге асыру жолында жүріп рухани құлдыраудың сүрлеуіне қалай түсіп кеткенін байқамай қалуы да ғажап емес. Сөйтіп, ол кейде өзінің іс-әрекеттерінің өзгеге де, өзіне де жамандық әкелгенін соңынан ғана сезеді. Зерделі жан өзінің ақылы арқылы өкінішке бой ұрады, руханилығы жоғары болса, онда кебір ауытқуларды жөндей бастайды, өмірдегі үйлесімдікке қарай ұмтылады.

Рабғузи білдіретін даналықтың үлгілері өз замандастары ғана емес, өзінен кейінгі талай ұрпаққа нағыз адамгершіліктің сипаты іспетті болғанына күмәнданбаймыз және оның философиялық мәнін аша түсуге үлес қосқан жөн деп есептейміз. Өйткені, талай даналықтың үлгісі түркілік тарихымыздың ашылмаған беттерінде жатыр. Сонымен даналықтың барлық онтологиялық тірегі сырт қарағанда қарапайым көрінген Шығыстық дүниені түсінудің терең қатпарларында жатыр деген ойдамыз. Оған дәлел болатын тұжырымдарды іздеп табу барлық қоғамдық ғылымдардың асыл міндетіне айналуы тиіс деген пікірдеміз.

Шығыстың XIV ғасырдағы түркілік терең ойлы ақындарының қатарына Хұсам Кәтибті жатқызамыз. Жеке өмірбаяны туралы мәліметтер аз болғанымен біздің ғасырымызға дейін рухани мұра болып жеткен «Жұмжұма



сұлтан», «Жәһаннам» жырларының маңызы зор деген ойдамыз. Өйткені, бұл еңбектер нағыз этикалық принциптер негізде жазылған.

Бұл шығармалардың терең ойлары өмірдегі философиялық іргетастарды, мәндік негіздерді іздеуден тұрады. Хұсам Кәтиб өзінің оқырманымен сұхбаттаса отырып «Дүниеде мәңгіге жаралған нәрсе бар ма?» деген сауал қояды. Кезінде ұлы пайғамбарлар болған пенделер қайда, ғашықтықтың теңізінде жүзіп жүрген кейіпкерлер қайда, батырлар мен байлар қайда? дей келіп, әлемнің жартысын билеген Шыңғыс хан да өткен жоқ па бұл дүниеден деген тұжырымды келтіреді. Түрікменнің атақты ақыны Мақтумкули де осы мағынада шығармашылығын өрбітті.

Міне, осы жағдайдың өзі өмірлік қағида екенін жақсы түсінген Хұсам Кәтиб өмірден түніліп, бұл дүниені жалған екен демейді, керісінше, болашаққа жасампаздықпен қарайтын ойды ұсынады:

*Келдің дүниеге – кетпек керек,*

*Бар күшің жеткенше жақсылық етпек керек.*

Әрбір адам бұл дүниеде өзінің барлық қабілетіне қарай жақсылық жасауды мақсат тұтса, онда әлеуметтік болмыс жетіле түсеріне ақын сенімді. Ал, енді жамандық жасаудың ақыры адам үшін тозақ азабына түсу екендігін өз замандастарына да, кейінгі келген жас ұрпаққа да ескертеді ортағасырлық ойшыл.

Ол өзінің «Жұмжұма сұлтан» поэмасының негізгі кейіпкері етіп Ғайса пайғамбарды алады және соның Жұмжұмаға қойған сұрақтары мен оған алынған жауаптары арқылы бұл тіршілікте асып-тасып кетуге болмайтындығын, адамның ғұмырлық міндеті қайырымдылық жасау қажеттігін айтады. Бұл өмірмәндік мәселелер екені белгілі және олар этикалық нормаларға сүйену арқылы шешімін табады.

Жұмжұманың тағдыры адамзат тарихында талай қайталануы мүмкін екендігін өзінен кейінгі ұрпаққа ескертіп отырғаны байқалады. Шынымен де өмірдің барлық кіндігін, іргетасын тек материалдық байлықтан іздеу қазіргі заманға тән әдет, дәстүр екенін жасыруға болмайды. Нарықтық қатынастардың мақсаты да сол сияқты.

Сөйтіп, ақын Жұмжұма сұлтанды сөйлете отырып, өз заманының ғана емес, одан кейінгі ғасырлардың мықтымын деген пенделеріне данагөйлікпен ескертпе жасайды. Адамның мәні табиғи әлсіздігін қанағаттандыруда емес, рухани дүниесінде екендігіне жақын емеурінді білдіреді, оқырманын ойлатады, өзі де бірге ойланады. Сондықтан әрқайсымыз бұл дүниеде рухани биіктеген сайын өмір ұсынған сынақтардың қиындарына үнемі дайын болуды үйренуіміз керек деген даналықты ұмытпағанымыз жөн сияқты. Сонда бақытты болудың да, өмірдің нұрлы болуының да есігі ашылады.

Түркі әлеміне енген рухани негіздерді түсіндіруде бұл еңбектердің құндылығы зор демекшіміз. Әрине, ойшылдардың басқа да шығармалары жарыққа шығып, халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе береріне сенімдіміз. Сол мақсаттағы әрекеттер болашақ ғылыми зерттеулердің

үлесінде. Бұл талпыныстар түркі тілді халықтардың интеллектуалдық күшін біріктіруіне тәуелді іс болып табылады.

Түркілік кезеңдегі философиялық ойдың тiнiн, мән-мағынасын кеңiнен анықтауға тырысуы кейiнгi ұрпаққа рухани пайдасын келтiретiн орнықты қадам болып табылады. Шынтуайтына келгенде түркілік бабаларымыздың даналыққа толы тұжырымдары тек қана қазақ халқы үшін ғана емес жалпы түркі тілдес халықтарға, одан кеңірек алсақ адамзат баласына рухани бағдар болып табылады. Сонау Орхон-Енисей жазбалары мен Шәкәрімнің ар-ұят, ұждан философиясы аралығында игерілмеген, өзінің толық философиялық тұжырымдамасын жеткілікті деңгейде ала қоймаған дүниелер әлі де жеткілікті. Мәселен, халықтың діни сенімдері мен ұлттық менталитеті арасындағы өзара астарласу мәселесі өзінің тыңғылықты философиялық зерделеуін алуға тиісті проблемалардың қатарына жатады. Қазақтың әлемді қабылдауы батыстық үлгілерден айрықша принциптерге негізделген. Бұл да өзінше философиялық зерделеудің түрі болары анық. Ол даналықты жоғары қоюшы жүйе десе де болғандай. Ал қазақ халқының даналық тағылымдары аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы (үлгіні) барынша сабақтастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады. Философиялық зерделеудің ұлттық сипаты түркілік ойшылдардың рухани мұрасын шынайы ғылыми игеруден басталады.

### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Габитов Т.Х. Соображения о тюркской философии // Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 131–140 с.
- 3 Аюпов Н.Г., Нысанбаев А.Н. О тюркской фальсафе // Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – 5–130 с.
- 4 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары).–Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Алтын Орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. 3 том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006. – 536 б.
- 6 Құтып // Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б. Аударған Ә. Ибагов.
- 7 Керімұлы Ә. Әдеби жәдігерлер 7 кітап. [kitap.kz/books/Zhadiger](http://kitap.kz/books/Zhadiger).

### Резюме

**Нурмуратов С., Бижанова М.  
Ценностный мир тюркских мыслителей**

В научной статье проведен историко-философский анализ аксиологических черт мировоззрения тюркских мыслителей эпохи Золотой Орды. Выявлены наиболее общие концептуальные особенности ценностного мира таких средневековых тюркских

мыслителей, как Кутуб, Саиф Сарай, Катиб, Рабгузи и др. Следует отметить, что важными сторонами тюркской философии являются исторический традиционализм, религиозный синкретизм, этническая символичность, этическая направленность, духовная преемственность, миролюбивость и т. д. В целом этико-аксиологические системы тюркских мыслителей произрастают из философских представлений о совершенном человеке, картины мира и духовно-нравственного идеала ценностей.

### **Summary**

**Nurmuratov S., Bizhanova M.**  
**The Values World of Turkic Thinkers**

In the article it was conducted the historical and philosophical analysis of axiological points of Turkic thinkers' world view of Gold Horde. There were revealed the common conceptual features of value views of such medieval Turkic thinkers as Kutub, Saif Saray, Rabguzi. It should be noted that the important aspects of the Turkic philosophy are historic traditionalism, religious syncretism, ethnic symbolism, ethical orientation, spiritual succession, peacefulness, etc. In general, ethical and axiological systems of Turkic thinkers stem from philosophical ideas about the perfect man, world picture, spiritual and moral ideal.



**Күлсия Қоңырбаева – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институты (Алматы)**

## **ТҮРКІЛІК ОЙ-ТОЛҒАУЛАРДАҒЫ ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

*Аннотация.* Мақалада ислам құндылықтарының түркілік философиялық ойды жетілдірудегі рөлі зерделенді. Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымдық негізде қалыптасқан жыр-дастандары басқаша реңде түрленіп, сопылық ағымдағы философиялық еңбектер пайда болды. Түркілік философияда терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасып ислам діні адамгершілік тұғырлардың биіктей түсуіне, мәдени жетілдірулерге ықпал етті. Араб пен парсы классикалық туындылары түркі халықтарының рухани кеңістігінде сенім мен білім көкжиегін кеңейтуге жол ашқандығы пайымдалады. Ислам діні сахара жұртшылығының араб жазуын игеруіне де игі әсерін тигізді. Адам тіршілігінің философиясы, этика мен эстетикасы жаңғыртылған түрге енді.

*Түйін сөздер.* Түркілік философия, ислам құндылықтары, рух, руханилық, ата-баба рухы, кие, символдық бейнелеулер.

Заманымыздың жаһандық дағдарысы адамзаттың рухани саласын да қамтуда. Ол гуманистік идеалдар мен дін, адамгершілік аясына да ену-де. Достықтың, сүйіспеншіліктің, өзара көмектің, ұжымшылдықтың этикасы жекешілдік, эгоистік және ештеңмен санаспайтын жер жүзіндегінің барлығына қалыптан тыс тұтынушылық қатынасқа жұтылып кетуде. Бір кездері діннің конфессионалдық түрге енуі халықтарды бір бастауға біріктірсе, бүгіндері басқа конфессияларға қатысты өздері «біз – олар» деген қағиданы ұстанатын халықтар тәрізді күй кешуде.

Қазіргі қазақстандық философияны, Қазақстанмен көршілес мемлекеттердің философиясын дамытуда түркілік философияның тарихы мен бүгінін зерделеу түбегейлі мәселе болып табылады. Стратегиялық даму жолын тұтатсай алып қарастыратын болсақ халықтың жадынан өткендегі мәдени мұралаларымыз жоғалып кетпеуі керек. Ол біздің қазіргі мен болашағымызды алға жылжытудың негізі болуға тиіс. Түркі халықтарының мәдени мұраларын жаңғыртып, түркілік философияның өзіндік дәрежесі мәселесін қоя отырып, оның мәні мен тағайындылығы, рухани мәдениеттегі тарихи рөлі мен маңызы жөніндегі тақырып заман талабы болып табылады [1].

Ислам мәдениеті таралуына дейін түріктердің мәдени-әлеуметтік өмірінде Тәңірлік монотеистік діни наным-сенімі болған еді. Тәңірлік сенім бойынша табиғат күштеріне, өз тағдырына байланысты қиыншылықтар мен жайсыздықтарға адамның қарсы тұрып күресуге еркі бар. Ол осындай жайсыздықтар мен қиындықты жеңу үшін өзіне көмекке ата-бабаларының